

# Паспорт образовательной программы

## Дата регистрации в Реестре

2022.07.01 16:17

## Регистрационный номер

16109

## Дата обновления паспорта ОП:

2022.07.01 16:17

## Код и наименование специальности:

07150300 Токарлық іс (түрлері бойынша)

## Код и наименование квалификации/квалификаций:

3W07150301 Токарь

4 S07150304 Техник -технолог

## Регион:

Маңғыстау облысы

## Организация ТипПО (Разработчик):

" Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі" МКҚК

## Партнеры-разработчики:

" Өзенмұнайгаз" АҚ Жаңаөзен қаласы

## Цель ОП:

Әмбебап және арнайы металлкесуші сондай-ақ сандық бағдарламамен басқарылатын станоктарында дайындамалар мен бөлшектерді токарлық өңдеудің технологиялық үрдісін орындай отырып, техникалық құжаттарын құрастыру және бөлшектерді механикалық өңдеу бойынша өндірістік үрдістерді жүргізу жұмыстарын ұйымдастыра алатын кәсіби қабілетті мамандарды даярлау.

## Уровень по НРК:

3

4

## Уровень по ОРК:

3-4

## Профессиональный стандарт (при наличии):

« Токарлық өңдеу», ҚР «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 269 бұйрығына 2-қосымша;

«Токарлық кеңей жону жұмыстары» , ҚР «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 269 бұйрығына 3-қосымша;

"Құралдар мен жабдықтарды өндіруде, жөндеуде слесарлік өңдеу", ҚР «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 269 бұйрығына 10-қосымша

«СББ станоктарындағы жұмыс », «Атамекен»ҰКП басқарма төрағасы орынбасарының

2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 269 бұйрығына 41-қосымша

**Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):**

« СББ токарлық станоктарындағы жұмыс» құзыреттілігі 06

**Форма обучения:**

күндізгі

**База образования:**

негізгі орта білім

**Язык обучения:**

мемлекеттік

**Общий объем кредитов:**

240

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**

29.03.2022 ж.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

№12022256

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

№024, №026

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**

16.11.2020 ж.

**Отличительные особенности ОП:**

-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин:**

Наименование		Результаты	Объем
№ модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	кредитов/часов
ЖБП 1. Математика	Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Тригонометриялық функциялар», «Көпмүшелер», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір.		8/192

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзділіссіздігі», «Туынды және оны қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық теңдеулер», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».</p>	
ЖБП 2. Информатика	<p>Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән: «Аппараттық және программалық қамтамасыз ету», «Деректерді ұсыну», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Қосымшаларды әзірлеу», «Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік» сияқты бөлімдерді зерттейді.</p>	2/48
ЖБП 3. Қазақ тілі	<p>Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу</p>	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм»</p>	
ЖБП 4. Қазақ әдебиеті	<p>Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Прозадағы көркем ой», «Аңызбен өрілген көркем сөз», «Заман, дәуір тұлғасы», «Тарихтың шертіп пернесін», «Пайым мен парасат», «Ғасырлық туынды», «Әдебиеттегі сан сарын»</p>	3/72
ЖБП 5. Орыс тілі мен әдебиеті	<p>Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады</p>	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».</p>	
ЖБП 6. Шетел тілі	<p>Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», «Natural Disasters», «Virtual reality», «Organic and non-organic worlds», «Reading for pleasure»,</p>	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>«Capabilities of human brain», «Breakthrough technologies», «Space X», «Making connections in biology», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Human brain», Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «STEM», «Reading for Pleasure», «Independent project», «The clothes of chemistry».</p>	
ЖБП 7. Қазақстан тарихы	<p>Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «. Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «. Білім мен ғылымның дамуы».</p>	4/96
ЖБП 8. Өзін-өзі тану	<p>Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды қабылдаудың дамуына ықпал</p>	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».	
ЖБП 9. Дене тәрбиесі	Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».	5/120
ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары», «Тактикалық	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	дайындық», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық».	
ЖБП 11. Физика	Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын байқау, талдау және бекіту қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізін құрайтын іргелі физикалық заңдар мен принциптер туралы білімді, табиғатты ғылыми тану әдістерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Электромагниттік тербелістер», «Электромагниттік толқындар», «Оптика», «Салыстырмалы теорияның элементтері», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».	6/144
ЖБП 12. Химия	Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Заттардың бөлшектері», «Периодтылық.Химиялық реакциялардың жүру	6/144



Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	заңдылықтары», «Химиялық реакциялар энергетикасы», «Химия және қоршаған орта», «Химия және өмір».	
ЖБП 13. География	Географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».	3/72
ЖБП 14. Биология	Ұйымның әртүрлі деңгейлеріндегі өмірдің мәнін, дамуын және көріністерін түсінуге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Молекулярлық биология және биохимия», «Жасушалық биология», «Қоректену», «Заттардың тасымалдануы», «Тынысалу», «Бөліп шығару», «Жасушалық цикл Көбею», «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары», «Эволюциялық даму Селекция негіздері. Тірі ағзалардың алуантүрлілігі», «Координация және реттеу», «Қозғалыс», «Биомедицина және биоинформатика», «Биотехнология», «Биосфера, экожүйе, популяция», «Экология және адам іс- әрекетінің қоршаған ортаға әсері».	3/72

<b>Наименование № модуля/дисциплины</b>		<b>Результаты обучения/Краткое описание дисциплины</b>	<b>Объем кредитов/часов</b>
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	2/48	
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	4/96	
БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1/24	
	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	1/24	
БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	0,5/12	
	ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық үрдістерді талдау және бағалау.	0,5/12	
	ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	0,5/12	
	ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	1,5/36	
	ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	1/24	
БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.	0,5/12	
	ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен	0,5/12	

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	орнын түсіну.	
	ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру.	0,5/12
	ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	0,5/12
КМ 1. Токарлық өңдеу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу	ОН 1.1. Еңбек қорғау, экологиялық қауіпсіздік және қауіпсіздік техникасының талаптарын орындай отырып жұмыс орнын дайындау.	2/48
	ОН 1.2. Конструкторлық-технологиялық құжаттарды оқу.	5/120
	ОН 1.3. Дайындаманың конструкторлық-технологиялық құжатқа сәйкестігін анықтау.	5/120
	ОН 1.4. Өлшеу, кесу құралдары мен жабдықтарын жұмысқа дайындау.	7/168
	ОН 1.5. Бөлшектерді токарлық өңдеудің реттілігі мен ұтымды кесу режимдерін анықтау.	5/120
КМ 2. Әмбебап токарлық станоктарда бөлшектерді токарлық өңдеу жұмыстарын орындау	ОН 2.1. Әмбебап токарлық станок пен кесу құралдарын жұмысқа дайындау.	4/96
	ОН 2.2. Технологиялық үрдіске сәйкес токарлық өңдеу жұмыстарын әмбебап токарлық станоктарда орындау.	16/384
	ОН 2.3. Өңделінген бөлшектің сапасын тексеру және қажет болған жағдайда ақауларды жою.	4/96
КМ 3. Айналымы, тапаншалы, кеңей-жонғыш токарлық станоктарда бөлшектерді токарлық өңдеу жұмыстарын орындау	ОН 3.1. Бөлшектерді кеңей-жонғыш станоктарда технологиялық үрдіске сәйкес бұрғылау және кеңейтіп жону.	7/168
	ОН 3.2. Технологиялық үрдіске сәйкес токарлық өңдеу	7/168

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жұмыстарын айналмалы токарлық станоктарда орындау.	
	ОН 3.3. Технологиялық үрдіске сәйкес токарлық өңдеу жұмыстарын тапаншалы токарлық станоктарда орындау.	8/192
КМ 4. Кесу құралдары мен құрылығларды дайындау және жөндеу жұмыстарын жүргізу	ОН 4.1. Кесу құралдары мен құрылғыларды дайындау, жөндеу үшін дайындық жұмыстарын жүргізу	2/48
	ОН 4.2. Кесу құралдары мен құрылғыларды дайындау, жөндеу жұмыстарының технологиялық операцияларын орындау.	4/96
	ОН 4.3. Орындалған слесарлық-жөндеп өңдеудің сапасын бақылау.	2/48
КМ 5. Сандық бағдарламамен басқарылатын токарлық станоктарда, токарлық өңдеу жұмыстарын орындау	ОН 5.1. Сандық бағдарламамен басқарылатын станок пен кесу құралдарын жұмысқа дайындау.	6/144
	ОН 5.2. Бағдарламалық жасақтама мен бөлшек сызбасын қолдана отырып сандық бағдарламамен басқарылатын станоктарға бағдарлама құру.	8/192
	ОН 5.3. Сандық бағдарламамен басқарылатын станоктарда есептеу-технологиялық картаға сәйкес токарлық өңдеу жұмыстарын орындау.	8/192
	ОН 5.4. Өңделген бөлшектердің сапасын бақылау-өлшеу құралдарының көмегімен тексеру	3/72
КМ 6. Технологиялық үрдістер мен механикалық өңдеу карталарын әзірлеу	ОН 6.1. Металл кесетін станоктарда бөлшектерді өңдеудің технологиялық үрдістерін әзірлеу кезінде жобалық құжаттаманы қолдану.	6/144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ОН 6.2. Дайындамаларды өңдеудің оңтайлы әдісін және олардың орналасу кестелерін таңдау.	6/144
	ОН 6.3. Бөлшектерді дайындау бағыттарын құру және өңдеудің технологиялық операцияларын жобалау.	5/120
	ОН 6.4. Бөлшектерді өңдеудің басқару бағдарламаларын әзірлеуге және енгізуге қатысу.	6/144
КМ 7. Механикалық өңдеу бөлімінде технологиялық үрдісті басқару.	ОН 7.1. Жабдықтардың жұмысына және материалдардың сапасына талдау жасау.	5/120
	ОН 7.2. Технологиялық үрдіс нормаларының бұзылу себептерін талдау.	4/96
	ОН 7.3. Технологиялық үрдіс нормаларының бұзылуының алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу	4/96
	ОН 7.4. Өндірістік іс-шаралар туралы есептерді уақытында жоспарлау, есепке алу, құру және ұсыну.	4/96
КМ 8. Орындалған жұмыс сапасын бақылау және түзету шараларын қолдану.	ОН 8.1. Өнімнің сапасын нормативтік құжаттарға сәйкес бағалау.	6/144
	ОН 8.2. Металл кесетін станоктарда беттердің өңдеу сапасын бақылау.	5/120
	ОН 8.3. Металл кесетін станоктарда бөлшектердің дайындамаларының беттерін өңдеу кезінде ақаулардың болу себептерін және болуы мүмкін себептерін анықтау.	4/96
Аралық, қорытынды аттестаттау	-	12/288